



БҰЙРЫҚ

2019 ж. 10.04

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 483-гф

город Нур-Султан

Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 918 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, келісу, сараптама жасау, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, күшін жою және қолданысқа енгізу» қағидасының 25, 26, 40, 41 - тармақтарына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының «Құқықтық актілерді бекітудің кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 28 шілдедегі № 818 бұйрығының 1-тармағы 5), 7) тармақтарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Техникалық реттеу және метрология жөніндегі ғылыми-техникалық комиссиясының 2019 жылғы 11 сәуіріндегі №2 хаттамасы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты ҚР СТ «Телевизиялық күзет құралдары мен жүйелері. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері», 2019 жылдың 1 қазанына бастап қолданысқа енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты ҚР СТ «Сәйкестікті бағалау. Цементтің сәйкестігін растау тәртібі», 2019 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілсін.

3. Аталған бұйрықтың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының қадағалаушы орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

А. Шаккалиев